




Іскерлік белсенділік индексі

2026 Ақпан

2026 жылғы ақпанда іскерлік белсенділік индексі сауда және құрылыс салаларының есебінен 49,7 құрады

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы*




Өндіріс пен қызмет көрсету секторында белсенділіктің өскені байқалды, мұнда индекстер сәйкесінше **51,8** және **50,6** құрап, жағдайы жақсарды (қаңтарда – 50,9 және 52,2). Құрылыс және тау-кен өнеркәсібінде индикаторлар төмендеу аймағында орналасып, сәйкесінше **45,3** және **49,7** болды (қаңтарда – 46,9 және 49,1). Саудада индекс негізінен жаңа тапсырыстар көлемінің азаюына байланысты **47,8**-ді құрады (қаңтарда – 50,1).

2-график. Ақпан айындағы өңірлер бойынша ІБИ

11 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды.


Индекстің ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (58,9), ең төменгі мәні Атырау облысында (44,6) тіркелді.



Бизнес-ахуал индексі

2026 жылғы ақпанда бизнес-ахуал индексі 3,5 құрады. Бизнес цикл «сағатының» көрсеткіші көтерілу аймағында қалды. Қазіргі бизнес шарттарының бағасы сәл төмендеген. Дегенмен, келешек бизнес шарттарына деген оптимизм жақсарды.

3-график. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*




* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындар сұранысты әлсіз оң бағалады

Сұраныстың жақсаруы өндіріс пен қызмет көрсету салаларында байқалды, ал сауда мен құрылыс салаларында төмендеу байқалды.

Сұраныс пен коммуникациялардың қолжетімділігін респонденттер негізінен бейтарап бағалады. Қалған факторлар (салық жүктемесі, бизнесті қорғау мәселелері және қаржыға қол жеткізу) бойынша кәсіпорындардың бағалаулары тежеулі күйде қалды, бірақ салық жүктемесі факторына қатысты динамика қаңтармен салыстырғанда біршама жақсарды.

4-график. Сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)* секторлардың әсері



* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


5-график. Бизнес-цикл «сағаты»

2026 жылғы ақпанда бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші көтерілу аймағында қалды.

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші төмендеді – (-)3,7.

Алдағы 6 айдағы бизнес-ахуал бағасы 10,9-ға дейін жоғарылады.

**Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

¹ Ақпарат нақты сектор мониторингiне қатысушы кәсiпорындар арасында ай сайын жүргiзiлетiн сауалнама нәтижесiне сай дайындалды.

² Iскерлiк белсендiлiк индекci жаңа тапсырыстар көлемi, жұмыспен қамту деңгейi, жаңа өнiм көлемi, тауарлы-материалдық қорлардың көлемi, жеткiзу мерзiмi сияқты кәсiпорындар көрсеткiшiнiң жиынтық өзгерiсi ретiнде есептеледi.

³ Iскерлiк белсендiлiк индекciн есептеу үшiн диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбiр көрсеткiш бойынша оң жауап берген кәсiпорындар үлесiнiң және өзгерiссiз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледi) ретiнде есептеледi. Бұл индекс көрсеткiштiң өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор саналады.

⁴ Бизнес-ахуал индекciн (БАИ) есептеуде Ifo немиc зерттеу институтының әдiстемесiне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткiштерi (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтiлетiн өзгерiстерi (БЖ) бойынша жауаптар теңгерiмi (ЖТ) пайдаланылады:

$$BAI^* = \sqrt{(ЖТ(АЖ) + 200) * (ЖТ(БЖ) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерiмi

АЖ – ағымдағы экономикалық

жағдай БЖ – болашақтағы

экономикалық жағдай

⁵ ЖТ (жауаптар теңгерiмi) бизнес-шарттардың өзгеруi туралы сұрақтарға берiлген оң және терiс жауаптардың үлесi арасындағы айырма ретiнде есептеледi. Кәсiпорындар ұсынылған үш жауаптың бiреуiн таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесi салмақтана отырып есептеледi.

⁶ Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екi нөлдiк сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлiнген диаграмма (координаттар жүйесi). Олар iскерлiк жағдай тұрғысынан экономикалық циклдiң төрт кезеңiн бiлдiредi: көтерiлу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау терiс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерiлу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т.с.с.

⁷ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерiнен тазартылған.

⁸ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерiстер болуы мүмкiн.

⁹ Секторлар бойынша егжей-тегжейлi ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелерi) дашбордта берiлген.